



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

межправительственные организации не участвуют в данном проекте и поэтому основные принципы о взаимопомощи в исследовании космического пространства и т.д. ставятся под сомнение.

Заклучение

Нами была предоставлена краткая информация о самом проекте, была сформулирована модель рисков для государства, человека и самого проекта.

Что более важно, в данной статье были рассмотрены правовые аспекты частного проекта, а именно :

Правовое регулирование проекта MarsOne, каким образом данное правовое регулирование будет происходить, необходимо ли оно и будет ли происходить в целом. К каждому из этих вопросов были подведены определенные аргументы, критерии, которые позволяют объективно взглянуть на проект, который является исключительным. Был проведен анализ, в соответствии с современными источниками космического права и каким образом они регулируют правовые вопросы в контексте данного частного проекта. Резюмируя все, что было упомянуто в самой статье, можно прийти к следующим выводам : данный проект действительно является инновационным и несмотря на возможные риски, можно с уверенностью сказать, о том что регулирование частных проектов, MarsOne в частности, возможно. Сам механизм правового регулирования был показан, риски учтены.

Список использованной литературы:

1. Дебатный турнир “ Кубок дружбы 2015 года, г.Астана”
2. Сайт ООН, <http://www.un.org/>
3. Сайт Geektimes
4. Официальный сайт проекта <http://www.mars-one.com/>

УДК 341

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Шәуәли Мира Қанатқызы

Shaulimira@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті
Халықаралық құқық мамандығы Мпк- 21 тобының студенті
Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б.

Аңдатпа. Бұл мақала халықаралық құқықтық жауапкершіліктің негізгі аспектісіне - жауапкершілік мәселелеріне арналады. Халықаралық құқық доктринасындағы жауапкершіліктің әртүрлі негіздеме түрлерін қарастырып, осы сұраққа байланысты терминологиялық мағыналарды анықтадым.

Аннотация. Это статья посвящена важнейшему аспекту отрасли международно-правовой ответственности государств - проблемам ответственности. Я рассмотрела различные виды оснований ответственности, и выявила терминологические разночтения в международно-правовой ответственности в доктрине международного права.

Annotation. the article is devoted to an important aspect of the branch of international responsibility of states - the problems of responsibility. I discusses the various types of responsibility reasons, reveals terminological ambiguity of this issue in the doctrine of international.

Түйін сөз. Жауапкершілік, мемлекеттер, халықаралық құқық.

Ключевые слова. ответственность, государства, международное право.

Key words. responsibility, states, international law.

Халықаралық құқық нормаларының талаптарын өзінің әрекеттерімен бұзатын мемлекет, өз құқыққа қайшылы әрекеттері үшін жауапты болып табылады. Бірақ халықаралық құқықтық бұзушылық үшін мемлекеттердің негіздемелері жайлы әртүрлі пікірлер қалыптасқан.

В.А. Василенко пікірі бойынша мемлекеттердің жауапкершілік алғышарттарын халықаралық құқықтық құқық – субъектілікте іздеу керек. Яғни, автор мемлекет біріншіден құқық субъектісі ретінде оның суверенитетінде еркіндік құқығы орын алады екенін белгілейді. Себебі, еркіндік құқығы оған құқық субъектісі ретінде әрекет немесе әрекетсіздік арқылы таңытады. [1] Ал, Н.А. Ушаков ойынша, заңды жауапкершілік жалпы құқықтың айырылмас бөлігі болғандықтан, жауапкершілік негіздемелерін бөлек халықаралық құқықтың емес жалпы құқықтың алғышарттары ретінде қарастыру керек. [2]

«Мемлекеттің халықаралық құқық бұзушылық халақаралық жауапкершілікке алып келеді» деген тезисге ешбір автор қарсы шыққан емес.

Бөлек индивидтер, жеке тұлғалар халықаралық жауапкершілік институтының субъектілері бола алама? Бұл сұраққа да әдебиеттерде де көп пікірлер қалыптасқан.

Г.И. Тункиннің ойы бойынша, халықаралық жауапкершіліктің субъектілері әуелі мемлекеттер болып келеді, бірақ барлық әлем мен адамзатқа қарсы әрекеттер үшін жеке тұлғаларда субъект болуы мүмкін. Д.Б. Левин де осы көзқарасты ұстанады, және оның пікірі бойынша жеке тұлғалар әлем мен адамзатқа қарсы әрекеттер үшін жауаптылық халықаралық нормалар мен ұлттық нормалардан туындайды. [3]

Халықаралық қылмыстар үшін халықаралық құқықтық жауапкершілікті мемлекеттер мен қатар жеке тұлғалар да атқарады деген көзқарасты М.Х. Фарукшин айтқан. [4] Халықаралық қылмыстық құқық бойынша жеке жауапкершілік қағидасы Нюрнберг процесінің Бриан – Келлог доктринасын алмастырған маңызды тезистерінің бірі болып табылды. Бұл доктринада халықаралық қылмыс ретінде агрессия жасағаны үшін мемлекеттің жауапкершілігі туралы ғана сөз болады. Бұл қағиданың талабына сәйкес, халықаралық құқық жөніндегі жауапкершілікке (ұлттық бойынша да) тек жеке тұлғалар ғана жатады. Бұл туралы Халықаралық Қылмыстық соттың 1998 жылғы 17 шілдедегі Рим статутының 25 бабының 2 бөлімінде былай делінген: «Қылмыс жасап, Соттың юрисдикциясына жатқызылған адам жеке жауапкершілік алып, аталған статут бойынша жазаға тартылады». [5] А.Н. Трайнин «Бейбітшілікті қорғау және қылмыстық заң» атты кітабында ұлттық құқықтағы заңды тұлғаны халықаралық құқық субъектісі ретінде мемлекетпен теңестіру арқылы қарастырады. **Societas delinquere non potest** (заңды тұлғалар қылмыс жасай алмайды) деген қағидасына қарсылық ретінде ол профессор Ру тұжырымдамасын келтіреді: «Құқықтың бірде-бір қағидасы заңды тұлғаларға қылмыстық заңмен қарастырылған қауіпсіздік шараларын қолдану қажеттігін жоққа шығармайды». А.Н. Трайнин ең алдымен мемлекеттердің геноцид үшін түрлі халықаралық құжаттарда айтылатын қылмыстық жауапкершілігінің мүмкіндіктеріне негізделеді.

Мәселен, В. Пелл «Халықаралық қылмыс кодексінің негізгі ережелерінде»' былай деп жазады: (3 баб) «Мемлекет жауапкершілігінен басқа жеке тұлғалардың халықаралық жалпы тәртіпті бұзатын іс-әрекеттері үшін жауапкершілігі немесе әмбебап халықаралық құқықтың орын алу фактісі бар». Халықаралық қылмыстық кодекс жобасында бір жағынан қылмыскер – мемлекет (petat delinquant), екінші жағынан қылмыскер – жеке тұлға (individu delinquant). Трайниннің жазуынша, шындығында да, заңды тұлға қылмыстық қана емес, оңды іс-әрекеттерді де тікелей жасай алмайды. Солай десек те, заңды тұлғаның азаматтық-құқықтық жауапкершілігі бар. Демек, автордың пікірі бойынша, заңды тұлғалардың өкілі – жеке адамдар жасаған қылмыстық құқық бұзашылықты да заңды тұлғаларға мүмкіндігі сақталған.

Жоғарыда келтірілген позицияларды сараптай отырып, мемлекеттің қылмыстық жауапкершілік идеясы басқа да халықаралық қылмыстар үшін де қылмыстың алдын алу құралы ретінде тек бір авторда - В. Пеллде бар екенін айтуымыз керек. Ал қалған авторлар мемлекетті жазасыз қалдырмау міндетін алға қояды

Халықаралық құқықтық жауапкершілік мәселесі қазіргі заманауи халықаралық құқықтың қызық және перспективті салаларының бірі болып табылады. 1960 жылдары Дания мемлекетінің құқық танушы ғылымы Соренсен М. Халықаралық жауапкершілік институтын қарастыра отырып, оның айтуы бойынша «теория жағынан қарастырғанда халықаралық құқықта басқа ешқандай мәселе сондай көп даулар туғызған емес және ешқандай сала осындай шиеленіскен және нақты емес болып келмейді». [5]

Жауапкершілік саласы өте баяу қарқынмен дамып отырды. БҰҰ комиссиясы халықаралық құқықтық жауапкершілік мәселелерімен 1949 жылдан бастап айналасуын бастады, яғни БҰҰ ның құрылған уақытынан дерлік. Сонымен қатар халықаралық жауапкершілік кодификациясының дамуы туралы айтсақ, халықаралық жауапкершіліктің нормаларын кодификациялау мәселесі ең алғаш рет 1924 жылы Ұлттар Лигасының бастамашылығымен құрылған «Халықаралық құқықтың нормаларын прогрессифті кодификациялау» конференциясында талқыланды. 1926 жылы халықаралық құқықтық Жапония ассоциациясы халықаралық құқық кодексінің проектісін жасап шығарды. Кодекстің екінші тарауы Халықаралық жауапкершілікті дәстүрлі негізде қарастырды. 1927 жылы Халықаралық құқық институты «Мемлекеттердің олардың территорияларындағы шетел азаматтарына және олардың мүлкіне келтірілген зияны үшін жауаптылығы туралы» резолюция қабылдады. Бұл резолюцияда мемлекеттердің халықаралық жауапкершілігі мәселесі қозғалған болатын.

1929 жылы Гарвард университетінің құқық факультетінде «Мемлекеттердің олардың территорияларындағы шетел азаматтарына және олардың мүлкіне келтірілген зияны үшін жауаптылығы туралы» конвенцияның жобасы жасалған болатын. 1956 жылы бұл конвенцияға бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілген соң «Шетелдіктерге келтірілген залал үшін мемлекеттердің жауаптылығы конвенциясының жобасы» деген атқа ие болды. Бұл жоба БҰҰ халықаралық құқық Комиссиясының хатшысының ұсынысымен жасалған болатын, бірақ бұл жобаға көп сын айтылып, қабылданбады. 1930 жылы Халықаралық құқықтың Герман ассоциациясымен тағы бір жобаның үлгісі ұсынылды. Жалпы, кодификацияның доктриналық түрі жекеленген ғалымдардың дара еңбектеріне сүйеніп құрылған болатын. Ерекше назар аудартатын халықаралық жауапкершілік жобалары қатарына екі неміс ғалымдарының жобалары кіреді. Олар 1927 жылы жарық көрген К. Штруп еңбегі мен 1932 жылғы А.Рота еңбектері. Бұл еңбектер халықаралық құқыққа қарсы әрекеттер үшін жауапкершілік нормалары қарастырылғандықтан, маңызды жобалар қатарына жатады.

Халықаралық жауапкершіліктің саяси кодификациясы: Халықаралық жауапкершіліктің саяси кодификациясы да өз бастауын 1924 жылғы Ұлттар Лигасынан алады. Халықаралық құқықтық әрект ету шеңберін анықтау үшін Лига Ассамблеясы арнайы мамандар шақырады. 1974 жылы олар өз құзыреті аясында 7 мәселені көтеріп оны мемлекеттерге жібереді. Оның 4 тақырыбы Халықаралық жауапкершілікке қатысты мәселелерді қозғайды. 1930 жылы Гаага конференциясында кодификация мәселесі көтеріледі. Бұл конференцияда шетелдің азаматтарының құқықтарын қорғайтын 10 баптан тұратын конвенция қабылданды. 1949 жылы БҰҰ халықаралық құқық Комиссиясының бірінші сессиясында ең алдымен халықаралық жауапкершілік мәселесі қарастырылды. Бұл отырыста халықаралық жауапкершілік кодификациясына бастама салынды. 1953 жылы Бас Ассамблея Комиссияның жұмысы жайлы резолюция шығарды. 1956 жылы мемлекеттің зиян келтірілген шетел азамты алдындағы жауапкершілігі туралы баяндамамен Ф, Гарсия-Амадор сөз сөйледі.

Египет заңгері Эль-Эриан ең алғаш рет БҰҰ жарғысын бұзғаны үшін мүше мемлекеттердің жауапкершілігі туралы мәселені қозғады. Бұл пікір 1960 жылы Бас Ассамблея және бірқатар елдердің тарапынан қолдау тапты. Соның нәтижесінде 1962 жылы Комиссия мемлекеттердің жалпы жауапкершілігі туралы шешім қарастыруға келісті. 1963 жылы арнайы жауап беруші ретінде Р.Агоны тағайындады, ол 1979 жылы 7 баяндама жасады, бұл баяндамалар жауапкершілік нормаларын кодификациялауға жаңа қырынан қарауға көмектесті. 1975-2000 жылдар аралығында осындай жұмыстардың бірқатары

жүргізілді. 2001 жылы Комиссия баяндамаларды талқылауды бітірді, оның нәтижесінде БҰҰ жарғысына мемлекеттердің жауапкершілігі туралы бірқатар толықтырулар енгізілді.

Халықаралық құқық әдебиеттерінде: «халықаралық құқықтық жауапкершілік пайда болуы», «халықаралық құқықтық жауапкершіліктің нормативті базасы», «жауапкершілік туындау шарттары» терминдері кездеседі және бұл терминдер синонимдер ретінде қолданылады. Яғни, бұл жағдай осы саланының теоретикалық регламентациясына кері әсер жасайды.

Халықаралық құқықта құқықбұзушылық деп субъектінің халықаралық құқық нормалары негізінде қабылданған өз міндеттемесінің халықаралық құқығын бұзуы болып табылады. Халықаралық құқық субъектісінің халықаралық міндеттеі бұзатын әрекеті немесе әрекетсіздігі құқыққа қарсы әрекет деп танылады. Яғни, бұл халықаралық құқық тық жауапкершілік саласының ғылыми мәселелерінің бірі болып табылады.

Жауапкершілік белгілі бір екі түрлі мәнде түсінілетін негіздер болғанда туындауы мүмкін – қандай негізде және не үшін жауапкершілік туындауы мүмкін. Осыған орай жауапкершіліктің заңдық және нақты негіздер болып бір бірінен ерекшеленеді, олардың арасында тығыз байланыс болып тұрады. Заңдық негіздер дегеніміз бұл міндетті халықаралық құқықтық актілер жиынтығы, оның негізінде белгілі бір әрекет халықаралық құқықбұзушылық ретінде квалификацияланды. Жауапкершіліктердің заңдық негіздері кез келген халықаралық құқық көздерінде және мемлекет үшін міндетті болып табылатын жүріс тұрыс ережелерін бекітетін өзге актілерде болуы мүмкін

Халықаралық құқықтық жауапкершіліктің заңды негіздемелері халықаралық субъектілерінің құқыққа қарсы әрекеттерін анықтайтын халықаралық құқықтық құжаттарда көрініс табады. Олардың қатарына: «құжаттар, дәстүр, халықаралық соттар мен арбитраж шешімдері, халықаралық ұйымдардың міндетті актілері, халықаралық конференциялар мен жиындардың кейбір шешімдері, мемлекеттердің халықаралық сипаттағы біржақты актілері» жатады. [7] Яғни, осыдан шығатын түйін халықаралық жауапкершіліктің заңды негіздемелер қайнар көздер аумағы басқа халықаралық құқықтың басқа салаларына қарағанда кеңірек. Себебі, негізгі қайнар көздерден басқа заңды міндетті актілерді де қолданады.

Принциптік маңызы бар құқықтық нормаларды ХҚЖ бойынша жүйелеу өздігінен әлі осы күнге дейі аяқталған жоқ. БҰҰ-ның ХҚ Комиссиясы бұл мәселемен 1955 ж. Бері айналысуда. 1996 ж. Ол болжамдағы шарт баптарының жобасын қабылдады. Бірқатар мемлекеттер (Дания, ГФР, Франция, Италия, Австрия, АҚШ) оған өз пікірлерін білдірді, қазіргі уақытта жоба екінші оқылуда. Бұл құжат негізгі үш бөлімнен тұрады:

- Халықаралық құқықтық жауапкершілік туындауының жалпы алғышартын көздейді;
- Халықаралық құқықтық жауапкершіліктің бірінші бөліктен туындайтын мазмұнын, түрін және формасын белгілейді;
- Туындайтын дауларды реттеу мәселесін қарайды.

Халықаралық құқық комиссиясы халықаралық қылмысты халықаралық қоғамдастықтың ең маңызды мүдделерін қамтамасыз етудегі өзекті халықаралық міндеттемелерді белгілі бір мемлекеттің бұзуы нәтижесінде пайда болатын халықаралық құқыққа қарсы әрекет ретінде анықтады. Ал оны бұзу тұтас алғанда халықаралық қоғамдастық алдындағы қылмыс ретінде қарастырылады. Халықаралық қылмыс тұжырымдамасы халықаралық құқық Комиссиясының баяндамасын талқылаған кезде БҰҰ тарапынан қолдауға ие болды. Тұжырымдамаға АҚШ пен Ұлыбритания батыл қарсылық білдірді. Тұжырымдама қарсыластарының негізгі дәлелі мынаған саяды: олар тұжырымдама мемлекет тәртібін қылмысқа жетелейді, сондай-ақ жоба мемлекеттер жауапкершілігінің айрықша тәртібін қарастырмайды дейді. Егер екінші ескерту негізді десек, ал біріншісінің, жалпы айтқанда, еш негізі жоқ. Комиссия «қылмыс» терминін пайдалану аса ауыр құқық бұзушылық категориясын бөліп қарауды мақсат тұтқанын және ол ешқандай да мемлекет тәртібін қылмыстандыру емес екенін мәлімдеді. Ортақ келісімге ұмтылған халықаралық құқық комиссиясы «Жалпы халықаралық құқықтың императивті нормаларынан туындайтын міндеттемелердің елеулі түрде бұзылуы» деген мәмілелік нұсқа қабылдады. Ол күрделі әрі

зор атауы бола тұра да, түптеп келгенде «халықаралық қылмыс» сынайқындығы идеяны білдіреді. Комиссия бұған мемлекеттердің қылмыстық жауапкершілігін жоққа шығару тұрғысынан келді. Солай бола тұрса да, императивті сипаты бар айрықша маңызды нормаларды бұзғаны үшін айрықша жауапкершілік саласын бөліп көрсету қажет болды. Халықаралық құқық комиссиясы 1976 жылы мұндай бұзушылықтың шамамен мынадай тізілімін ұсынды. Негізді маңызға ие халықаралық міндеттемелерді ауыр жағдайда бұзғаны үшін: а) халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету; б) халықтардың өзін-өзі анықтау құқығын қамтамасыз ету (отарлық билік етуге тиым салу); в) адамның жеке басын қорғау (құлдыққа, геноцидке, апартеидке тиым салу); г) қоршаған ортаны қорғау (атмосфера мен теңіздердің кең аумақта ластанудан қорғау). Сонымен, құқық бұзушы мемлекет келтірген зиянды өндіру формасы геноцид үшін жауапты мемлекеттің заңдық (материалдық) жауапкершілігіне жатқызылуы тиіс. Бұларғажатқызылатындар: реституция, өтемақы (компенсация), пайыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Василенко В.А. Ответственность государства за международные правонарушения. – Киев, 1973. – С. 14.
2. Ушаков Н.А. Основания международной ответственности государств. – М., 1983. Т. 3. – С. 200.
3. Тункин Г.И. Теория международного права. - М., 1996. – С. 40
4. Международная правосубъектность. - М., 1971.
5. Халықаралық Қылмыстық Соттың 17. 07. 1998ж. Рим статуты.
6. Sorensen M. Principes de droit international public. Recueil des cours de l'Academie de droit international de La Haye. 1960. P. 217.
7. <https://prezi.com/qjvryvsswa39/presentation/>

УДК 341

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТАР, ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Шымберген Жұлдыз Рахатқызы

Juldyz_98@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-23 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б

Аңдатпа. Егер халықаралық құқықта халықаралық қақтығыстың орны болатын болса, онда бұл қауіпті салдарға алып келеді, егерде бір ғана адамға әсер еткен жағдайда, онда халықаралық дау бүкіл әлемге, әрбір адамға әсер етуі мүмкін.

Аннотация. Если в международном праве будет иметь место международного конфликта, то это приведет к последствием угрозы, если это повлияет только на одного человека, то международный конфликт может повлиять на весь мир, и на одного человека. Международная проблема глобальная проблема, которая должна выгодно решаться не смешивая личные интересы.

Annotation. If there is a place of international conflict in international law, this will lead to a dangerous consequence, and if this affects only one person, then it can affect the whole world and every person.

Түйін сөз: Халықаралық қақтығыс, қағида, себеп, жасырын сипат, қырғиқабақ соғыс, мемлекеттер.

Қазіргі өмірде біз «халықаралық қақтығыстар» терминін жиі естиміз. Ашығын айтқанда, кез-келген жаңалықтар бағдарламасы бір жерден бір нәрсе болғаны туралы